

ОК Салтанат ИЛЪЯШОВА,
«Орталық Қазақстан»

Қай қырынан алса да, қалай дәріптесе де жарасатын ұлы тұлға – Қаныш Сәтбаевтың қазақ ұлтына, жалпы, адамзат қауымына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Еліміздің орталық бөлігіндегі табиғи қазба байлықтың кен орындарын ашып, бүкіл әлемді дарындылығымен, ойшылдығымен таң қалдырған бірегей тұлғаны лайықты мақтан етеміз.

Геологияға, әсіресе, Орталық Қазақстанға сіңірген еңбегі айтпаса да белгілі. Жезқазған кен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқаш металлургия зауыттарын, «Ертіс-Қарағанды» арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорлары – Жезқазған, Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец сияқты кен орындарын игеру Қаныш Сәтбаев есімімен тығыз байланысты.

Неміс жазушысы Лион Фейхтвангердің «Талантты адам – қай істе болсын талантты» деген сөзі Қаныш Сәтбаев тұлғасын дәл суреттейтін-



дей. Қазақ «көп қырлы адам» деп баға беретіннің бірі, әрі бірегейі. Ғалым, геологтығы өз алдына, инженер де өзі, заңгер де өзі. Қаламгерлігі, суретшілігінің өзі неге тұрады?!

«Ол – он жылдық қазақ мектептеріне Алгебра оқулығын алғаш жасаушы. Ол – Абай шығармаларының алғашқы бір басылымының редакторы. Ол – Ер Едіге туралы жырға ал-

«...Халқым менен де биік»

ғысөз, түсініктеме жазып, жинақ етіп шығарушы. Ол – Мұрын жырау мен Қырымның қырық батырын жоқтаушы. Ол – өз дәуірі тыныс-тіршілігінің шежірешісі» деп баға береді Қаныш туралы қалам тартқандар.

Қысқа мерзім ішінде талай кен орындарын ашып, талантымен талайды таңдай қақтырған Қаныштың қасиеті де осы таланттылығында, әлбетте. Бұл күні Қаныш Сәтбаевтың есімі «Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымының тарихымен ғана емес, республикадағы халық шаруашылығының, барлық экономикалық және мәдени өмірінің қалыптасып дамуымен тікелей байланысты» деп баға берсе, артық айтқандық емес. Шынында да, Қанышты қазақ ұлтынан, қазақ ұлтын Қаныштан бөліп қарау мүмкін емес.

Қанышқа қазақ қана емес, бүкіл Кеңес одағы қарыздар. Олай демеске лаж да жоқ. Кеңес одағындағы индустрияландыру ісін шетелдерден тәуелсіз етіп, электрлендіру міндеттерін жүзеге асыру күн тәртібіне қ-

йылғанда қара металлургияны пайдалана отырып, түсті металлургияны дамыту қажеттілігі туындағанда, жас болса да, ұлы ғалымның еңбектері көмекке келді. Еңбегі осы кезден бастау алатын жас геолог Жезқазған, Қарсақбай, Тұрлан түсті металл кендерін жіті зерттеп, кен орындарының қыр-сырын меңгерді.

Егер табиғаттың тілін түсінбесе, өзі айтқандай, туған жерінің тағдырына толғанбаса, ол туралы ойламаса, туған жердің қара тасын мақтан ете білмесе, туған жерінің тауы мен тасын дәл Сәтбаевтай зерттей алу мүмкін емес еді. Елінің әр тасын қадірлеп, жанымен сезіне білу – Қаныштың ең басты қасиеті. Өзінің елінде өмір сүру және жұмыс істеу секілді зор құрметтің үлесіне тигендігін өзі үшін ең үлкен бақыт санады. Оның еліне деген құрметін Англияға барған сапарында У.Черчилльдің «Сіздің елде қазақтардың бәрі сіздей биік пе?» деген сауалына «Ол не дегеніңіз, халқым менен де биік» деп жауап бергенінен-

ақ байқаймыз.

Әнуар Жапаровтың 1911 жылдары Павлодардағы училищеде оқып жүрген кезін суреттейтін әңгімесінде айтылғандай, жақсыны көретін көз, оны түйсіне білетін көңіл арқылы туған жерінің әр тасынан байлықты, игілікті көре білген зеректігі, еліне деген асқан сүйіспеншілігі Қанышты ұлы ғалым етті. «Ақбеттің биік құзын, қалықтай ұшқан қос сұңқарын, ит тұмсығы өтпейтін қарағай орманын, көгілдір Жасыбай көлін» қағаз бетінде көрсете алуы, елінің желін әуен қылып, музыкаға қосуы, зерттеу жүргізген жерлерін көркем шұрайлы тілмен жеткізіп, бірнеше жылға болжам жасай алуы – ғалымның көп қырларының бірі ғана. Шынында да, геологияға сіңірген еңбегі үшін Қанышқа қазақ қана емес, бүкіл әлем қарыздар. Ғалымдығы мен ғылымға сіңірген еңбегі жайлы баға беру қолдан келмес, бірақ, халқына ғалымдығымен мәңгі тасуылмайтын «қазына көтертіп кеткенін» айту – парыз.